

Оқу сауаттылығы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге және кешенді тестілеуге арналған тест спецификациясы
(2018 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуде және кешенді тестілеуде қолдану үшін бекітілген)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған құжат.

Оқу сауаттылығын (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) бағалауға арналған тест тапсырмалары – түсушілердің мәтін мазмұнын көздеген мақсатына жету үшін қолдана білу, қоғамдық өмірге белсенді араласуы үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жазбаша мәтіндерді түсіну, ұғыну қабілеттерін анықтауға негізделеді.

Түсушілердің оқу сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмаларының мазмұны халықаралық салыстырмалы (PISA, PIRLS және т.б.) зерттеулерде қолданылатын тапсырмаларға ұқсас келеді.

1. Мақсаты: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау үшін түсушілердің оқу сауаттылығы бойынша дайындық деңгейін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест 3 деңгейде берілген 20 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші деңгейде - 10, екінші деңгейде – 5, үшінші деңгейде – 5 тапсырма.

Мәтін №	Мәтіндегі сөз саны	Тапсырмалар саны
№1 мәтін	60-100 сөз	2
№2 мәтін	100-200 сөз	4
№3 мәтін	200-350 сөз	6
№3 мәтін	350-500 сөз	8

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тақырып	Тақырыпша
Адам және оның қоршаған ортасы	Туған-туыс. Отбасы мен отбасылық өмір құндылықтары
	Достық. Қызығушылықтар. Хобби
	Мамандық. Жұмыс
	Спорт және салауатты өмір салты. Саяхат. Демалысты ұйымдастыру. Демалыс
Білім және ғылым	Білім. Білім беру
	Ғалымдар. Биография
	Өнер
	Техникалық прогресс
Мемлекеттер мен қалалар	Мемлекеттер. Географиялық орналасуы. Экономикасы
	Астаналар мен қалалар. Архитектура мен құрылыс
Әлеуметтік қарым-қатынас	Бұқаралық ақпарат құралдары туралы
	Мерекелер. Салт-дәстүрлер мен құндылықтар
	Тарих. Мәдени мұра
	Адамзаттың жаһандық проблемалары
Табиғат	Табиғат құбылыстары. Ауа райы мен климат
	Жан-жануарлар, жәндіктер, құстар және өсімдіктер әлемі

4. Тапсырма формасы:

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан тұрады.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін түсуші 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалғанда түсуші 20 балл жинайды.